

## Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 457 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 қазанда № 2120 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 535 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 23.12.2014 № 535 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23 қаңтардағы 2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 23 қаңтардағы 2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 5-2) тармақшасына және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 13 сәуірдегі 2005 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
Б. М у т а л и е в к е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К.Айтуреев